«БЕКІТЕМІН»
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар жетім балалар мен ата- анасының қамқорынсыз қалған балаларға арналған № 2 Қостанай арнайы мектеп- интернаты» КММ 2018 жылғы «09» сәуірдегі № ___60_____ бұйрығымен

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар жетім балалар мен ата- анасының қамқорынсыз қалған балаларға арналған № 2 Қостанай арнайы мектеп- интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекеме сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

1.Жалпы ережелер

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар жетім балалар мен ата- анасының қамқорынсыз қалған балаларға арналған № 2 Қостанай арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекеме (бұдан әрі - № 2 Қостанай арнайы мектеп-интернаты) осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарына сәйкес әзірленген және ұсынымдық сипатта болады.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының әзірлеушісі - Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар жетім балалар мен ата- анасының қамқорынсыз қалған балаларға арналған № 2 Қостанай арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекеме болып табылады.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты қоғамдық карым-қатынастардың жеке саласы үшін жемқорлықгы ескертуге бағытталған ұсынымдар жүйесін орнатуға бағытталды.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын әзірлеу міндеттері мыналар болып табылады:
   1) Қоғамдық карым-қатынастардың жеке саласында жумысістейтін тұлғаларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;
   2) Сыбайлас жемқорлық көріністерін уақгылы анықгау және олардың жағымсыз себеп-салдарларын болдырмау.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарының қағидатгары мыналар болып табылады:
   1) заңдылық;
   2) ашықтық;
   3) этикаға сәйкестік;
   4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерден қорғау;
   5) мүдделерін қақтығысын болдырмау.
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары белгіленген қағидаларды сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмауға бағытталған қоғамдық қарым-қатынастарының жеке саласында жұмыс істейтін тұлғалардың іс-әрекеті мен шешімдерін анықтайды.
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары негізінде:
   1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты қозғаған саладағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;
   2) өзінің құзыреттілігі шегінде басқарушылық және өзге шешімдерін әзірлеу және қабылдау;
   3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;
   4) тиісті тіршілік әрекеті саласыньң ерекшелігіне байланысты қоғамдық маңызы бар өзге қарым-қатынастар барысында сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау тұрғысынан лауазымдық міндеттерін орындау бойынша тікелей іс-әрекеті қаланған.

2.Қоғамдық қарым-қатынастардың жеке саласында жұмыс істейтін тұлғалардың мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қозғаған саладағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асырған кезінде:

1) Конституция мен Қазақстан Республикасының заңдарын, Президент, Қазақстан Республикасыньң Үкімет актілерін, өзге нормативтік-құқықтық актілерін, № 2 Қостанай арнайы мектеп-интернат басшысының буйрықтарын, сондай-ақ № 2 Қостанай арнайы мектеп-интернаттың Жарғысын басшылыққа алуға;
2) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлттаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт- дәстүрлеріне құрметпен қарауға;
3) адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестермен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға;
4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге;
5) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;
6) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік кызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;
7) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;
8) заңнамада тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстқ жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарды жасауға жол бермеуге;

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен өзге функцияларды көрсеткен кезде:

1) мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты түрде шаралар қабылдауға;
2) көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті керсету тәртібі туралы толық және расталған ақпаратты ұсынуға;
3) мемлекеттік қызметтерді көрсеткен кезде және өзге функцияларды жүзеге асырғанда әртүрлі сөзбұйдаға (бюрократияға) жол бермеуге, көзделмеген құжаттарды талап етпеуге;
4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықгарды жасауға көндірген кезде басшылыққа айтуға.

10. Мемлекеттік органда еңбек заңнаманы орындалуын қамтамасыз ету, еңбек тәртібі мен жағдайларын қамтамасыз ету.

11. Лауазымды тұлғаларға тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асырғанда:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақша қаражаттарын оңтайлы және тиімді жұмсау;
2) заңнамамен көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды жүргізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті жеткізушілерге тең мүмкіндіктер ұсыну;
3) Мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын камтамасыз ету;
4) Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
5) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енген әлеуетті өнім берушіні және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігерді (бірлесіп орындаушыны) қатысуға жол бермеу ұсынылады.

12. Өзінің құзыреттілігі аясында басқарушылық және басқа да шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде:

1) қызметтік міндетгерді орындау кезінде мүдделер қайшылығы, жеке бас қызығушылығы туындағанда, сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа және сыйлық алуға итермелегенде тікелей басшыға айту;
2) жеке сипатгағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшшер мен өзге де адамдардың кызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау;
3) әріптестерге, басшыларға және басқа да лауазымды тұлғаларға сыйлық жасамауға және қызметтік жағдайды пайдаланып мүліктік пайда, игілік немесе басымдылық алу үшін қызметтік емес қызметтерді көрсетпеу;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл етуге, сыбайлас жемкорлық құқық бұзушылықгарын ашуға белсенділік таныту;
5) белгілі болған сыбайлас жемкорлық фактілері туралы, сонымен қатар материалдарды жедел түрде қарағаны үшін қандай да 6ір пайда түсіруге итермелегенде тез арада басшылыққа айту;
6) орындауды талап ететін бұйрықтың заңдылығына күдіктері туралы тікелей басшыға жазбаша түрде тез арада хабарлау;
7) егер тікелей басшы мүдделер қайшылығына өзі қатысты болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;
8) пайда табуға байланысты кәсіпкерлік және өзге қызмет түрін жүзеге асырғанда 6іреуге көмек көрсетуден аулақ болу.

13. Нормативтік-құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеген кезде:
1) қажет болған жағдайда нормативтік-құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеуге және талқылауға қоғамнің, бұқаралық ақпарат құралдарың қатысуын қамтамасыз ету;
2) құрымдылық бөлімшелерінің құқықтық актілері мониторингін және тиісті есептерді тұрақты негізде дайындау жүргізуді үйлестіруін қамтамасыз ету;
3) әзірленген нормативтік-құқықтық актілерді мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберугедейін ашық нормативтік-құқықтық актілерінің интернет-порталында көпшілік талқылауына жариялау;
4) нормативтік-құқықтық актілерінде сыбайлас жемқорлық факторлары мен олардың белгілерін қамтитын нормаларды пайдаланбау;

14. № 2 Қостанай арнайы мектеп-интернаты қызметкерлерін іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде:
1) тағайындалуға материалдарды қараудың белгіленген мерзімдерін сақгау;
2) № 2 Қостанай арнайы мектеп-интернатына жұмысқа қабылдаған кезде лауазымды тұлғаларға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;
3) кадрларды іріктеу барысында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;
4) мекеме қызметкерлердің дербес деректерін негізсіз хабарлауға жол бермеу;
5) кандидаттардан жумыска орналасқанда еңбек шартын жасауға қатысты емес қужаттарын талап етпеу;
6) № 2 Қостанай арнайы мектеп-интернаты жұмыскерлеріне қатысты қызметтік тексерістерді нақты әрі жан-жақты жүргізу.

15. Тіршілік әрекеті саласының ерекшеліктеріне байланысты туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастары кезінде:
1) бағынышты лауазымды тұлғалардың міндеттері мен қызметтік өкілеттіліктердің көлемін нақты және айқын анықтау;
2) бағынышты лауазымды тұлғалар арасында еңбек жүктемесін әркелкі бөлуге жол бермеу;
3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу мен өндіру шараларын қолдану барысында әділдік пен нақтылық таныту;
4) бағынышты жұмыскерлерге негізсіз айыптаулар тағуға, дөрекілік танытуға, адамның адамгершілігін кемсітуге, жөнсіз қылыққа, әдепсіздікке е жол бермеу;
5) олардың лауазымды міндеттері шеңберінен тыс шығатын немесе орындалмайтын, сондай-ақ заңға қайшы болатын бұйрықтарды бермеу;
6) қызметтік емес сипатындағы мәселелерді шешу барысында бағыныштылардың қызметіне ықпал жасау үшін қызметтік ықпал жасау үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;
7) бағыныштыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға мәжбүрлемеу;
8) әріптестердің өздерінің лауазымды міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қайшылығын реттеу бойынша түбегейлі шараларды уақытында қабылдау;
9) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, меншікті, сондай-ақ автокөлік құралдарын қызметтік мақсатта тиімді, нәтижелі пайдалану.